

ӘОЖ 792.0.X-69

Тұңғышбай әл-Тарази¹, О.К. Хожамбердиев²,

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының
¹өнертану кандидаты профессоры, ²PhD докторы аға оқытушысы,
 Алматы қ., Қазақстан,
 e-mail: t.al.tarazi@mail.ru; ordabek_79@mail.ru

Актер мамандарын даярлаудағы актер шеберлігі мен сахна тілінің ықпалдастығы

Тақырыптың өзектілігі – кез келген елдің мәдениет тарихына мән берер болсақ, қалыптасу мен қарқынды даму үрдісінде заман талабының өз заңдылығы байқалады. Сондай заңдылықтың бір бөлігі – сөйлеу мәдениеті бүгінгі уақытта үлкен қоғамдық мәселеге айналып отыр. Мұны өнер адамдарының, оның ішінде театр және кино актерлары мен режиссерларының, теле-радио жүргізушілері мен көркемсөз оқу шеберлерінің, әнші-вокалистердің, сонымен қатар мешіт имамдары мен ұағызшылардың, лекторлар мен мұғалімдердің, адвокаттар мен соттардың, қоғам қайраткерлері мен ұжым басшыларының, жалпы сөз өнеріне қатысы бар мамандардың өзіндік спецификасына қайшы келетін сөйлеу мәнерінен байқаймыз. Сонымен, сөз өнерінің ғасырлар бойы жинақталған тәжірибелерін актердің сөйлеу мәдениетінде шыңдап, сахналық тілдің жетістіктерін бүгінгі күнгі театр өнерінің ағымына сай дамытып, жетілдіруді қажет ететін заманауи талаптар мақаланың өзектілігін арттырады. Өйткені сөйлеу мәдениетінің аясы кең, атқарар қызметі сан алуан. Сол себепті, бұл ғылыми еңбекте актер шеберлігі мен сахна тілінің маңызы, бейіндік ерекшеліктері бірізділікпен зерттеліп, оның өзіндік бағдарламасы болашақ актерларға, басқа да сөз өнеріне қатысы бар мамандарға және өз дауысын меңгергісі келетін жалпы қауымға арналады.

Түйін сөздер: актер, актер шеберлігі, сөз, сахна тілі, сөз әрекеті, театр, педагогика, сөйлеу мәдениеті.

Tungyshbay al-Tarazi, O.K. Khozhamberdiyev
Interrelation of acting techniques and scenic speech

Relevance of research – when reviewing History of Art of any country, one may observe a distinctive pattern in imperative demands of time in the making and intensive development of Arts. One of the integral parts of such pattern, elocution, currently constitutes a significant social cause. This phenomenon occurs in the manner of speech of artists, including stage and film actors and directors, television and radio hosts and masters of artistic speech, vocal singers, as well as ecclesiastic superiors in mosques and preachers, lecturers and educators, lawyers and judges, public figures and leaders of organizations, in broader terms, professionals related to the art of speech, which contradicts the characteristic aspects of speech. Thus, the rationale of the study is advanced by current conditions, which require constant practice of oral culture accumulated in the speech culture of actors over the years and perfection of scenic speech as consistent with modern theatrical art. As the scope of speech culture is broad and functions carried out by the speech culture are rather versatile, this scientific work is fundamental and requires consistent study of significance and specific characteristics of scenic speech and presentation of an elaborated program for future actors, other specialists associated with oral culture and a community of individuals who wish to master oratorical skills.

Key words: actor, acting, speech, stage speech, verbal action, theater, pedagogy, culture of Speech.

Тунгышбай аль-Тарази, О.К. Хожамбердиев
**Взаимодействие актерского мастерства и сценической речи
 при подготовке будущих актеров**

Актуальность темы. Если рассмотреть историю искусства любого государства, то в процессе его становления и интенсивного развития можно заметить своеобразную закономерность, соответ-

тствующую требованиям времени. Одна из составляющих такой закономерности – культура речи, которая на сегодняшний день является значимой общественной проблемой. Это наблюдается из манеры разговора людей искусства, в том числе актеров и режиссеров театра и кино, теле-радиоведущих и мастеров художественной речи, певцов-вокалистов, а также духовных настоятелей мечети и проповедников, лекторов и учителей, адвокатов и судей, общественных деятелей и руководителей организации, в целом специалистов имеющих отношение к искусству речи, которая противоречит своеобразной специфике речи. Потому как сфера культуры речи обширна, а исполняемые ею функции весьма разнообразны. Поэтому этот научный труд требует последовательного исследования важности, специфических особенностей сценической речи и представить разработанную программу для будущих актеров, других специалистов, имеющих отношение к словесному искусству, и для широкого круга людей, желающих освоить ораторское мастерство.

Ключевые слова: актер, актерское мастерство, слова, сценическая речь, словесное действие, театр, педагогика, культура речи.

1. Біз, қандай да бір іс бастамас бұрын (мақала хақында) оның актуалдығын айқындаудан бастайтынымыз анық.

2. Тамыры тереңде жатқан театр өнері, көптеген даму мен өркендеу белестерін бастан кешіріп, бұл күні қанатын кең жайған. Ұлттар мен ұлыстардың рухани азығына айналды. Оның, қазақ жерінде де өз тарихы мен орны бар.

3. Қазақ театр өнерін синтездік деп те атадық. Себебі, ол бірнеше өнердің басын қосқан салмақты өнер.

4. Әдет-ғұрпымыздың барлығы дерлік, бүгінгі күні салт-санамыздың рухани тірегіне айналған театрдан көрініс тапты.

5. Халық санасына ізгілік пен адамгершілік ұялататын мәдени орта – театр дейтін болсақ, актерлық өнердің қоғамдағы маңызды зор.

6. Біздің мақсатымыз – актер дайындаудың бүгінгі күнгі әдіс-тәсілін ертеден келе жатқан театр педагогикасының методикасы мен методологиясын негізге ала отырып, актер шеберлігі мен сахна тілі пәндерінің өзара ықпалдастығын нақтылап яғни, оқу бағдарламаларындағы тақырыптарды бірізділікпен сәйкестендіру арқылы жолға қою.

«Қазақстандықтардың тіл мәдениетінің деңгейін көтерудің қажетті құрамдас бөлігі сөйлеу мәдениетін дамыту болуға тиіс» [1]. Табиғат құбылыстарының, адамның рухани-моральдық өмірінің айнасы болып табылатын – тілдің қоғамдағы ролі өз алдына, сол тіл арқылы халық санасына ізгілік пен адамгершілік ұялататын мәдени орта бұл – театр. Ал, сахна өнерінің алмастай қырын, абзал сырын ұқтыратын тұлға – актер дайындаудағы сахна тілінің маңызы күн санап артып отыр. Себебі, «Актер сахнаға бес қаруы сай болып шығуы тиіс. Ал, дауыс – оның шығармашылығының маңыздысы бөлігі» [2, 62].

Рухани тамыры ежелгі Грекиядан тараған театр өнері көптеген дәуірлер мен дамудың белгілі сатыларынан өтіп, қазақ топырағында да қалыптасты, дамыды. Бұл туралы жазған кемеңгер жазушы М.Әуезовтің: «Өзге жұрттың мысалына қарағанда, театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күй, өлең-жырларынан басталған. Театр өнерін туғызатын жайлы топырақ, қолайлы шарт, елдің өз денесінен шыққан, өнердің ірге тасын қалайтын елдің өзі» – деген сөзі қазақ өнеріне афоризм болып қаланды.

Расында, XX ғасырдың алғашқы жылдарында халық арасынан жасақталған үйірмелер, әдебиет, ән-күй, сауық кештері ұйымдастырылғаны қазақ театрының тарихынан белгілі. Уақыт өте келе бұл мәдени ұжымдар әншілік, жыршылық, шешендік өнер, айтыс, көркемсөз сияқты тіл өнеріне негізделген ортаға айналды. Бұған, Ресей ғалымы В.В.Радловтың: «Қазақтардың басқа түркі халықтарынан ерекшелігі – сөз бен тіл өнерінде» [3, 141], – деген сөзі дәлел болады.

Ішкі толғаныс, сезім, махаббат, батырлық сынды адам табиғатындағы бүкіл қасиеттерді көрерменнің көз алдына алып келуде сөз өнері маңызды орын алды. Ондағы ақындар айтысындағы шешендік пен суырып-салмалық, жар-жардағы ақ тілек, беташардағы туған-туыстарды таныстыру, жоқтау айтудағы зар, сыңсудағы қимастық пен қоштасу сияқты тұрмыстық жырлар сөз құдіреті яғни, сөйлеу мәдениеті арқылы өзінің міндетті функцияларын атқарды. Тілтанушы, профессор Рабиға Сыздықова: «Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – ауызша сөйлеудің жалпы тіл мәдениетіне қойылатын талаптармен қатар өзіне тән формалардың сақталуы болып табылады. Бұл нормада сөйлеу үлгісіндегі сөздерді дыбыстау, сөздің сазын келтіріп айту тәртібін айтады»

[4, 45], – деп жазды. Бұл, көрерменді белгілі бір шындыққа сендіріп, ұтқыр оймен, нанымды әрекеттермен олардың сезіміне әсер ету үшін анық сөйлеу, екпінді дұрыс қоя білу, дауыс күші, сөз астарын ашу сияқты сахна тілінің өзекті мәселелерінің тұруы заңды құбылыс деген сөз. Себебі, «Дыбысқа, тіл тазалығы – дикцияны бағалау көрсеткіші ретінде қарасақ, оның кепілі деп әрбір дыбыстың артикуляциясын айтамыз. Ол, анық, еш бұрмаланбай таза және дұрыс айтылуы керек» [5, 78].

Актер шеберлігі мен сахна тілінің бір-біріне ықпалдастығын актерлік өнердің негізгі заңдылығы ретінде қарастырамыз. Ол қазақ театр шежіресінің алғашқы сәттерінен-ақ көрініс бере бастағандығы белгілі. Қазақ актерлік өнерінің шығармашылық тұрғыдан қалыптасу кезеңін ХХ ғасырдан бастайтын болсақ, ал, театр сахна-

сындағы кәсіби сөйлеу мәдениеті ежелден келе жатқан сөз өнерімен тамырлас.

«Қазақ театрының тарихы» кітабында: «Қай ұлттың болмасын қазіргі профессионал театры нақ бүгінгі күйінде, дайын түрінде ғұмырға келе қоймағаны мәлім. Әрқайсысының да қалыптасу жолы,өзіне лайық өмірбаяны бар» [6, 23], – деп жазылған. Кез-келген мәдени болмыстың уақыт өте келе пішіндік келбеті айқындалып, көркемдік мәні тереңдеп, ол адам баласының қажетіне қызмет етуі тиіс. Бұл, біз зерделеп отырған актер шеберлігі мен сахна тілінің өзара ықпалдастығын олардың дәріс тақырыптарының сәйкестігі арқылы анықтауымызды талап етеді. Осыған байланысты болашақ актерларды тәрбиелеудегі актер шеберлігі және сахна тілі сабақтарының төрт жылдық бағдарламасына сай пәнаралық байланыстың модулін ұсынамыз:

Актер шеберлігі пәні	Сахна тілі пәні
I курс	
Сахналық зейін	Сөйлеу кемшіліктерін анықтау
Дене бұлшық еттерін босату	Дене бұлшық еттерінің еркіндігі
Физикалық іс-әрекеттерді есте сақтауға арналған жаттығулар	Тыныс-дауыс бұлшық еттерінің орналасуын табу, нығайту
Ұсынылған жағдай	Фонациялық тыныстауға тәрбиелеу
Елестету мен қиял	Резонаторларды табу және оларды іске қосу
Өлшем мен ырғақ	Регисторлар. Демді бағындыру (санамақ, балалар өлеңі)
Затқа деген қатынасқа ауысудағы физикалық сезіну	Үндестік заңы. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды қалыптастыру
Әрекет орнына деген қатынастың ауысуы	Дыбыс нәтижесі
Болған жағдайды бағалау	Әдеби тілдің нормалары (жаңылтпаштар)
Серіктеске деген қатынасқа ауысуы	Ауызекі тіл мен жазба тілдің айырмашылығы (мақал-мәтелдер)
Жағдайға байланысты қарым-қатынас жасауға арналған этюдтар	Сөз әрекеті негізінде игерілген жұмыстарды нығайту (ертегілер, сықақтар, әңгімелер)

Актер шеберлігі пәнінің алғашқы жылындағы басты мақсаттарының бірі – студенттің өз-өзімен жұмыс жасауы болып табылады. Сол

сияқты сахна тілі сабағында олар, сөйлеу аппараттарын шынықтырып, дұрыс дем алуға және таза сөйлеуге машықтанады.

II курс	
Үзінділер	Тыныс- дауыс бұлшық еттерін нығайту жұмыстарын жалғастыру
Сюжет-уақиғаларға мақсат қою, оларды үйлесімділікпен ақтау	Сөздегі дем
Сахнадағы сөздің тууы	Қимыл-әрекет жасау кезіндегі демнің тұрақтылығы және дауыс орталығын нығайту. Сөз тудыру үдерісі. Сөз астары
Әрекетті сөзге көшу	Прозалық және поэтикалық мәтіндерге әрекетті талдау. Дауысты «ұшыру». Дауыс қарқыны

Оқудың екінші жылында шәкірттер өздерінің жан-дүниелеріне жақын қысқаша үзінділер таңдай білуге, автордың ұсынған жағдаяттарында өз ағзалық табиғаты арқылы сахналық және сезім шындықтарына жете білуге, үзінділердегі уақиға желісі мен оның өрбу үдерістерін қадағалап

оларға деген сенімділік шараларына мән беруге, іс әрекеті мен сөз әрекетінің айырмашылықтарын ажырата білуге, автордың жазған сөзі мен актердің айтатын сөзінің ара жігі мен астарлық ой иірімдерінің құпияларын зерттеуге және сөздің туу себеп-салдарларын анықтауға үйренеді.

III курс	
Актер шеберлігі элементтерінің әрқилылығы мен әрмінезділігі	Сөз мінездемесі
Әрекеттік анализ арқылы мизансценаның туу жолдары	Сөздің астарлық ой иірімдері
Кейіпкер мінезділік	Сөз қисыны

Студенттер оқудың үшінші жылында бағалау сияқты элементтердің әрқилылығы мен әрмінезділігін аша білуге, әртүрлі әрекетке бағындырылған сахналық үзінділердің мінез-

құлықтарының ара жігін ажырата білумен қатар кейіпкерлер өмірбаяндарын, кезеңдік мәдениетті, тарихи уақиғаларды актерлік тұрғысында зерттеуге үйренеді.

IV курс	
Пьесаны сахналық және жанрлық талаптарға сай ықшамдау, ондағы сюжеттік түзілімдердің қисыны	Пьесадағы уақиға желісі мен оның өрбу үдерістері, оларға деген сенімділік шаралары. Сөз әрекетін меңгеру
Қойылым архитектурасын түзу	Сөздің туу себеп-салдарлары, әрекеттік қақтығыстар
Автор ұсынып отырған жекелеген сахналардағы мақсаттар мен актердің орындаушылық мақсаттарының өзгешеліктері. Роль жасаудағы актерлық режиссура мен қойылым режиссурасының бірлігі	Сөйлеу мәдениеті мен сахналық әрекет табиғилығы

Сахнада, іс-әрекеттен сөз әрекеті туады деп жатамыз. Ал, кей жағдайда қимыл-әрекетке алып баратын бұл – «ой», яғни сыртқы сөзді тудырушы – ішкі сөз. Көрерменді сендіріп, көкейіне ой салатын әрекетті сөздің арғы жағында оның тууына дейінгі заңдылықтар мен қисынды үдерістердің болуы заңды. Олар, сөз астарын аша білуге, жүйелі түрде ойлануға, жалпы сезімнен ой өрбітіп, дене қимыл-әрекетінің көме-

гі арқылы сөз әрекетін іске асыруға жеткізеді. Бұдан, актер үшін сөздің де, іс-әрекеттің де маңыздылығы бірдей және олардың параллельдік жүйеде өрбуі міндетті екендігіне көз жеткіземіз. Сол себепті, актер шеберлігі мен сахна тілінің өзара ықпалдастығын және оның әрбір сатысындағы методикалық әдіс-тәсілдерін нақтылаудың бүгінгі күнгі театр педагогикасындағы маңызы зор.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН).
- 2 Станиславский К.С. // Соч.: В 8 т. – М., 1955. – Т. 3. – С. 503.
- 3 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен, казахские наречия. – М.: Санкт-Петербург, 1985. – Т. 5. – С. 190.
- 4 Сыздық Р. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 117 б.
- 5 Титова А.А. Проблемы сценической речи. – М.: Искусство, 1968. – С. 228.
- 6 Қазақ театрының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1975. – Т. 1. – 400 б.

References

- 1 Қазақстан Республикасында тилдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН).
- 2 Stanislavskiy K.S. // Soch.: V 8 t. – M., 1955. – T. 3. – S. 503.
- 3 Radlov V.V. Obraztsy narodnoy literatury tyurkskih plemen, kazahskie narechiya. – M.: Sankt-Peterburg, 1985. – T. 5. – S. 190.
- 4 Syzdyk R. Söz sazy. – Almaty: Sanat, 1995. – 117 b.
- 5 Titova A.A. Problemy stsenicheskoy rechi. – M.: Iskusstvo, 1968. – S. 228.
- 6 Қазақ театрының тарихы. – Almaty: Fylym, 1975. – T. 1. – 400 b.